

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІШТЕСТІК ЖОБАЛАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ

Ибрагимов М.С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Зерттеу өзектілігі Қазақстандағы инфрақұрылымдық жобаларға мемлекеттік қолдауының артуы және инвестициялардың тарту үшін қосымша ынталандыру болып табылады. Қазақстандағы жобалардың қаржыландырылу ерекшеліктері мен қатысушылардың мақсаттары мен міндеттеріне шолу жасалады.

Зерттеу мақсаты – Қазақстандағы инфрақұрылымдық жобалардың қаржыландыру жүйесіне салыстырмалы анализ жасау.

Қазіргі таңда мемлекет және кәсіпкерліктің қарым-қатынасы ұлттық бағдарламаларды іске асыру мақсатында мемлекеттік-жекешелік объектілерін дамыту өзекті бағыт болып табылады. Өзінің институционалдандыру процесі

барысында мемлекет пен жеке кәсіпкерлердің мемлекеттік-жеке меншік әріптестік атауын ала отырып, әріптестік сипатына ие бола бастаған мемлекеттік билік органдары мен бизнестің арасындағы өзара іс-қимыл тиімді нарықтық экономиканы дамытудың қажетті шарты ретінде қаралады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің дамуы Қазақстанның экономикалық дамуындағы басты басымдықтарының бірі болып табылады. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жоғары деңгейде қолданылса инфраструктуралық даму темпын жоғарлатады, мемлекеттік қызметтер саны көбейеді, инвестиция тартылады, сонымен қатар жеке меншік секторының инвестициядағы тәжірибесін жоғарлатады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) біздің елде 2006 жылдан бастап қолданылуда. Осы жылы «Концессиялар туралы» заң қабылданды. Сол уақыттан бері МЖӘ жобаларын тиімді іске асыру мақсатында заңнама үнемі жетілдіріліп отырады. МЖӘ заңнамасында басты өзгерістердің бірі 2013 жылғы 4 шілдедегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің жаңа нысандарын енгізу және олардың қолдану аясын кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы болды. Бұл заңның мақсаты Қазақстан Республикасында МЖӘ инвестициялық жобалардың негіздерін құру болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V заңына сәйкес, 9-бап: мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын қаржыландыру, мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектілерінің шығындарын өтеу және мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектілерінің кіріс алу көздері:

- 1) жекеше әріптестің меншікті қаражаты;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарызға алынған қаражат;
- 3) мемлекеттік бюджет қаражаты;
- 4) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаражат есебінен жүзеге асырылуы мүмкін [1].

Заңнамадағы өзгерістер МЖӘ-тің жаңа бағыттарын енгізуге, ғылым, жоғары технологиялар саласында, әлеуметтік салада және тұрғын үй-коммуналдық салада жаңа келісімшарт түрлерін енгізуге, жобалардың қаржылық тартымдылығын арттыруға бағытталған. Яғни, қосымшалар негізінде концессиялық объектілерді басқарғаны үшін сыйақы және «қолжетімділік төлемақысы» енгізілді.

Концессия объектілерін басқару үшін сыйақы жеке сектордың мүддесінің арттыруына негіз болады. Әлеуметтік салада ақталмайтын жобаларда «қолжетімділік төлемақысы» көп қолданылады. Себебі, бұл тетік жеке әріптестікке объектіге салған инвестиция немесе басқару шығындарын өтемақысын, сонымен қатар концессия объектісін басқарғаны үшін сыйақы төлеуді көздейді.

МЖӘ институтының дамуы оның нысандарының тұтас жүйесінің қалыптасуымен бірге жүрді. Мемлекет жобаға, оның құрылысына, инвестициясына тапсырыс береді. Бірақ қаржыландыруды іске асырмайды.

Қаржыландырудың дайын объектісін мемлекет жалға алса, ал жеке әріптес оның пайдалануын жүзеге асырады. Жеке әріптестің қаржыландыруға салған соммасын оған уақыттық төлемдер арқылы қайтарылады. Соңғы кезеңде қаржыландыру нысаны мемлекет меншігіне айналады. Мемлекет құйылған инвестицияны уақыттық төлемдер арқылы қайтара алмаса, МЖӘ нысаны шарт бойынша белгілі бір уақытқа жеке әріптес меншігіне көшеді. Бірақ, мемлекет нысанның қызметтік реттеуінің іске асыруын жалғастырады. Бұл қаржылық негіздегі жобаларға қатысты. Осы жағдайда жеке әріптес нысанның иегері болу ықтималдылығы жоғары, бұл процесті инвестициялық объекті жекешелендіру деп те атауға болады. Шет елдік тәжірибеде серіктестіктерді құру кезінде мемлекеттің жеке серіктеске меншік құқығын беруі көзделмейді. Бұл жағдайда оған тек пайдалану құқығы беріледі. Жекешелендіру процесінде мемлекет белгілі бір экономикалық құрылымдарды басқарудан шеттетіледі, серіктестікті қалыптастырудағы қаржыландыру нысандарына қатысты басқару функцияларының бір бөлігі ғана өтеді. Бұл орайда аталған нысандар мемлекет меншігінде қала береді. МЖӘ формасы оны қалыптастыру мақсатына немесе жекешелендіру түріне байланысты болады.

МЖӘ қаржыландыру моделі – жобаның мақсатына байланысты айқындалатын жобаларды қаржыландыру қаражатын тарту нысаны. МЖӘ жобаларын қаржыландырудың негізгі модельдері мемлекет және жеке әріптестіктің жобаны әртүрлі арақатынаста қаржыландыруы және жобалық қаржыландыру блып табылады. МЖӘ жобаларының қаржыландыру жүйесіне жасалған анализ жобаны қаржыландыру моделін, оның тәуекелдерінің алгоритмін және қатысушылар арасындағы тәуекелдерді бөлу түсініктерінің айқындалуына ықпал етті.

МЖӘ жобаларының тәуекелдерін мемлекет және жеке әріптестер арасында бөлу, жекеше әріптеске мемлекеттік кепілдіктер беру соңғысына қарыз қаражатын неғұрлым төмен пайызбен тартуға мүмкіндік береді, бұл, бір жағынан, кредиттік тәуекелді азайтуды, ал екінші жағынан – жобаның қарыз капиталына қызмет көрсету бойынша шығындарды азайтуды, яғни жобаны жанама қаржыландыруды қамтамасыз етеді. МЖӘ жобаларын қаржыландыру және тәуекелдерді басқару процестерінің осындай кешенді бірігуі оларды мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің инвестициялық жобаларын қаржылық қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесіне біріктіруге мүмкіндік берді.

МЖӘ жобалары қаржыландыруды тарта алатын отандық қорлардың жеткіліксіз дамуы жағдайында еліміздің екінші реттік банктері үлкен рөл атқара алады. Қазақстанда даму банктері немесе халықаралық қаржы институттарынан алынған қаражат алдымен инфрақұрылымға бағдарланған, ал оның шарттары бөлек келісіледі.

Отандық банктердің МЖӘ жобаларына қатысуына кедергі болатын жайт – заңнамаға сәйкес концессия нысандарының шарттық қолдану мерзімі бойынша кепілдікте бола алмауы. Сонымен қатар, отандық концессионерлердің басым бөлігінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандырулық мүліктің болмауы да кедергі болып табылады. Бұл жағдай қаржыландыру жүйесіне үлкен қиындық туғызуы мүмкін. Инвесторларды тарту жолында осындай сұрақтарды

бірінші ретте қарастыру керек. Бірақ, МЖӘ жүйесінің жақсы даму жолында заңнамаларға өзгертулер енгізілуде. Сол себепті де, осындай мәселердің шешілу жолы жылдам табылады деген ойдамын.

Қаржылық-экономикалық дағдарыс кезінде жылжымайтын мүлікті кепіл ретінде қауіпті болып келеді. Мысалы, 2014 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасының Қаржылық қадағалау комитетінің деректері бойынша, 90 күннен астам мерзімі өтіп кеткен қарыздар үлесі жалпы банктердің несиелік портфелінің 32,2 пайызына жеткен. Көріп отырғанымыздай, отандық банктер берілген кредиттер жұмыс істемейтін, ал кепілге берілген жылжымайтын мүліктің өтімділігі жеткіліксіз болатын жағдайдың кепіліне айналды. Осы жайтқа байланысты кепілдік ретінде МЖӘ келісімшарттары қарастырыла бастады. Мұндай жағдайларда мемлекет кепілдік беретін МЖӘ келісімшарттары кредиторлар үшін "тыныш айлақ" бола алады.

Осылайша, жекеше әріптес ұсына алатын МЖӘ жобаларындағы кепіл МЖӘ келісімшарты немесе болашақ ақша ағындарының кепілі ретінде мемлекеттің қызметтерді тұтынуына онымен байланысты кепілдік болып табылады [2].

ҚР ҰЭМ деректері бойынша 2008-2018 жылдары елдің көлік инфрақұрылымына 30 млрд. теңге салынған болатын. Осы кезеңде 2 мың км астам темір жол салынды, 6,3 мың км автомобиль жолдары қайта жаңартылды, Каспийдегі порттық қуаттылық 26 млн.тоннаға дейін ұлғайтылды, елдің 15 әуежайындағы кешендер қайта жаңартылды [3].

Жалпы, соңғы 10 жыл ішінде (2009-2019 жылдар) ел экономикасына капитал салу 75 084 млрд.теңгені құрады, елдің ЖІӨ құрылымындағы үлесі – 16-18% (№1 диаграмма).




Диаграмма 1. 2009-2019 жылдары ҚР негізгі капиталына инвестициялар серпіні [4]

Ал экономикалық қызмет бағыты бойынша қаржыландыруды айтатын болсақ, 2019 жылы басым бөлігі тау-кен өндіру өнеркәсібіне және карьерлерді игеруге бағытталды - 5,6 трлн тг немесе жалпы соманың 44,6 %. 2018 жылмен

салыстырғанда бұл көрсеткіш 33,3 %-ға артқан (4,2 трлн тг). Негізгі қорға салынған инвестицияларға жылжымайтын мүлік (13 %), көлік бағыты (9 %), құрылысқа және күрделі жөндеуге арналған шығындар (47,7%) , машиналар, жабдықтар, көлік құралдары мен құрал-саймандарды сатып алу (29,8%) кірді. ҚР ҰЭМ - ге сәйкес 2024 жылға қарай негізгі капиталға салынған инвестициялар деңгейін ЖІӨ-нің 30% - ына дейін жеткізу жоспарлануда [5].

Әлемдік тәжірибе мемлекет пен бизнес арасындағы ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығын көрсетеді, өйткені мұндай ынтымақтастыққа екі тарап та мүдделі. Жеке сектор үшін, атап айтқанда кәсіпкерлік бірліктер үшін – бұл бизнесті жүргізудің қолайлы жағдайларына қол жеткізу және мемлекетпен тиімді бірлескен жобаларға қатысудан мемлекет кепілдік берген табысты (пайданы) қамтамасыз ету мүмкіндігі, ал мемлекет үшін жеке кәсіпкерлік құрылымдармен мұндай әріптестік – бұл жеке капиталды ұлттық маңызы бар және әлеуметтік бағдарланған жобаларды қаржыландыруға тарту тәсілі.

Дағдарыс кезінде көптеген МЖӘ жобалары қауіпке ұшырайды. Көптеген отандық компаниялар өздерінің инвестициялық жоспарларын қысқартып, инвестиция салған жағдайда жобалар тоқтатылып жатыр. Осындай жағдайда мемлекет те, жеке сектор да үлкен жобаларды қаржыландыруға мүдделі емес. Бірақ дағдарыс кезінде инвестициялық қорларға, акцияларға немесе банктік шоттарда сақтауға қаражат салғаннан гөрі инфрақұрылымға инвестициялау сенімдірек болып келеді. Бұл МЖӘ дағдарыс жағдайында да дами алатындығын білдіреді.

МЖӘ біздің елде толық ашылмаған бағыт болғанымен, келешектегі инфрақұрылымдық жобалар осы әріптестік арқылы іске асырылатыны сөзсіз. МЖӘ ұлттық бюджетке жүктемені азайтады, сонымен қатар кәсіпкерлердің жұмысы еркін жүруіне кепіл береді. Жоғарыда аталғандай, кәсіпкерлерге қаржыны банктарда немесе басқа бір шоттарда сақтағаннан, елдің инфрақұрылымына салып, кепілді түрде сол қаржыны қайтара алғаны жақсы. Яғни, инфрақұрылымға салынған ақша келісім-шарт арқылы қайтарылады. Сол себепті де МЖӘ жүйесіне назар аудару керек. Дағдарыс кезінде де жеке кәсіпкер қаржысы қауіпсіздікте болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V заңы
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000379>
2. Қазақстандағы МЖӘ жобаларын банктік қаржыландыру мәселелері: талдау және ұсыныстар
<https://www.zakon.kz/4618705-problemy-bankovskogo-finansirovaniya.html>
3. Қазақстан Республикасының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері, ҚР ҰЭМ статистика комитеті
<https://stat.gov.kz/official/dynamic>
4. Қазақстан Республикасындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы / 6 серия, Инвестициялар және құрылыс статистикасы / 2019 жылғы қаңтар-желтоқсан
<https://stat.gov.kz/official/industry/161/statistic/5>